

Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі Жарық ауылының көше атауын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 31 шешімі. Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қаңтарда № 3-9-137 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабына сәйкес және Жарық ауылы халқының пікірін ескере отырып, Ақкемер ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің әкімінің 14.03.2017 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жарық ауылының "Школьная" көшесі "Бауыржан Момышұлы" көшесі, "Заречная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі, "Совхозная" көшесі "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесі деп өзгертілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкемер ауылдық округі әкімі

Ә.Қ.Қалмұрзаев